

М.М.Иманғазинов

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған
(E-mail: jandosmagulov@mail.ru)*

Аллегориялық туындылардағы дидактика мен өткір тіл

Мақалада аллегориялық туындылардағы дидактика мен өткір тіл мәселесі қарастырылды. Автор әдебиеттанудағы ірі ғалымдардың аллегориялық туындылардағы дидактика мен өткір тілге қатысты пікірлеріне өз ойларын қоса отырып, мысал жанрының шығу табиғаты жайлы өз тұжырымдарын ортаға салады. Бұл жанрдың арнайы үш теориялық бағытқа сай дамығанына тоқтала келе, олардың бір-бірімен сабақтаса дамып жатқанын ғылыми дәлелдеді. Зерттеуде аллегориялық туындылардағы дидактика мен өткір тіл болмысы ғылыми тұрғыда зерттелген.

Кілт сөздер: аллегория, туынды, дидактика, сатира, тіл, шығарма, Эзоп тілі, мысал жанры.

Аллегориялық туындылар — көне дәуір кезеңіндегі пайда болған шығармалар. Мысал — әріден келе жатқан, эпостың шағын да өткір жанры. Мысал жанры көне дәуірден біздің заманымызға дейінгі әлемнің іргелі ақын-жазушыларының назарында болған, кейін мол ғылыми еңбектердің шығуына себепкер әдеби туынды.

«Осы жанрды теориялық жағынан түсіндіруге онша көп мән берілмеген. Көне дәуірдің ғалымдарының еңбектерінен «Аристотель, Булан еңбектерінен кездестіре аламыз» деген пікірді Г.В.Москвичева айтса, қазақ ғалымы Т.Шаңбаев «Аристотель заманынан бастау алған, негізінен философтар да көңіл аударған, кейіннен Г.Э.Лессинг, В.Перри, А.Потебня, М.Н.Гаспаров еңбектерінен көрініс тапқан», — дейді [1, 2].

Бұдан шығатын қорытынды мысал жанрына ең алғаш тұжырымды пікір білдірген Аристотель болса, оның айтқаны мынаған келіп саяды. Негізінен, ғалым бұл жанрды арнайы үш теориялық бағытқа апарып тірейді.

Біріншісі — өзге жанрдан өзгешелендіріп тұруы, айтар ойы ғибрат, тәрбие, яғни мораль, болғандықтан, оның философиялық-дидактикалық сарынына қарағанда рационалды бағыт болып шығады.

Екіншісі — негізінен әңгімелеу барысы романтикалық бағыт алуы, типологиялық жағынан мысалдардың шығу тегі ертегілерден бастау алатындығынан.

Үшіншісі — мысал жанрының психологиялық-эстетикалық эсер ету қасиеттеріне қарай, оны психологиялық бағыт деп ой түюге болады.

Осы үш бағыт бір-бірімен тығыз байланыста болып, бір-бірімен сабақтасып жатқанын аңғару да қиын емес. Мысал жанры жоғарыдағы айтылған жануарлар туралы ертегілермен жақындығы, біріншіден, жас буынға жануар бойындағы жақсы-жаман қасиеттерді көрсете отырып, тәрбие беру болса, ертегінің де өзіндік атқарар ролі ой жүйесін арттыруға өз үлесін қосуы талассыз. Бұған тағы қосылар ой — грек мысалының басында тұрған Эзопқа байланысты мына жайтты айту орынды. Мысал ертегі сарындас болып, оның ішіндегі кейіпкерлердің аң, құс, жан-жануар, жәндіктердің болуы — Эзоптың шығу тегі — құл, жалшы болуынан да іздестіру керек. Эзоп басы-байлы қожайнына тәуелділігінен, иесіне «беті мен жүзіне қарамастан», оның кемшілік, айыбын бетіне басатын мүмкіндігі мен қауқары болмағандықтан, еріксіз халық арасындағы аса танымал болған жанрдың бірі — ертегіге көңіл қойып, мысал түрінде негізгі кейіпкерлер — аң, құс, жан-жануар, жәндіктерді мысал түрінде алып, өз туындыларын дүниеге әкеледі. Осы әрекеті арқылы, өз қожайнынан кегін алып, айызы қанады. Халық арасында кеңінен тараған мысалдары арқылы кең танымал болған Эзоп кейіннен өз иесінен мәңгілік бостандық алып, өз еркімен өмір сүрген деседі.

Эзоп туралы «Қазақ әдебиеті» газетінде мынадай дерек келтірілген: «Алпысыншы жылдары орақ тілді Оспанхан Әубәкіров «Лениншіл жас» газетіне қазақ сатирасының жай-күйі туралы мақала жазып, «Эзоптан Ислам Шұғаевқа дейінгі сатириктер» деген тіркес қолданыпты. Сөйтсе, мұны оқыған И.Шұғаев «Эзоп деген кім? Өзі қайда істейді?» деп сұраған көрінеді. Осы сұрақ қазір де көлденеңдеп қоятыны бар [3].

Тарихта екі Эзоп болған. Біріншісі — біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасырда өмір сүрген ежелгі грек сықақшысы, мысал жанрының негізін салушы. Аңыз бойынша, ол жас кезінде өзінің усойқы

тілінен тартыпты, оның әжуасына ызаланған біреулер оны жартастан лақтырып жібереді де, аяғы сынып, өмір бойы ақсақ болып қалыпты. Бұл Эзоп өзі бас терісі келіспеген, кейіп-кеспірден жұрдай, басында билігі жоқ құл болған. Сөйте тұра ол өз заманының қияли данышпаны ретінде халықтың құрметіне бөленеді. Эзоптың атақты мысалдары ежелгі Римнің мысалшысы Федр (б.д.дейінгі I ғ.) мен көне гректің мысалшысы Бабриден (б.д. I–II ғ.) бастап, бергі Лафонтен мен Крыловқа, Абай мен Байтұрсыновқа дейінгі талай мықтылардың өңдеуінен өтіп, бүгінгі күнге жетті.

Ал римдік трагик-эртис болған екінші Эзоп Клодий (б.д.дейінгі I ғ.) туралы мәлімет мардымсыз», — дейді де, Эзоптың айтып кеткен мысалдары мен даналық сөздерін, афоризмдерін, қысқа әңгімелерін келтірген. Сол шығармаларда қазақтың әфсаналары мен афоризмдік қысқа қайырымды, дидактика тұрғысында жазылған әңгімелерінің ішінде формасы мен жанрлық жағы ұқсас, тіпті сюжеттік желелері дәл келетін мұралар ара-тұра кездесетінін айта кеткен абзал.

Айталық, шамамен 1320 мен 1436 жж. өмір сүрген Сәйф Сарайдың «Гүлстан би-т-турки» («Гүл бағы») туындысындағы 178 хикаяттан тұратын дидактикалық сарында жазылған шығармасында және шамамен XIII ғасырда өмір сүрген Насретдин Рабғұзидің «Рабғұзи қиссалары» деген еңбегінде мол кезеседі. Мысалы, Эзоптың «Өгей шеше» атты мысалында: «Бірде Ксанф қасына Эзопты ертіп, дастарханға шөп-шалам алуға бақшашыға барыпты.

Ксанф өзіне керек көкөністерін тандап алып, енді ақшасын төлейін деп тұрған кезде бақшашы оған:

– Егер сен маған мынаны түсіндірсең, осы алғандарыңның бәрін тегін берер едім: мен қанша баптасам да жерге еккен жемістерімнен гөрі, арам шөптер басып шығады, неге бұлай? — депті.

Ксанф бұған жауап бере алмай аңтарылып қалады. Сонда Эзоп:

– Егер екінші рет күйеуге шыққан әйелдің үйде өз балалары және күйеуінің бұрынғы әйелінен қалған балалары да болса, өзінен туған балаларына ол — ана, күйеуінің балаларына өгей шеше болады. Сонда ол, сеніңше, кімнің баласын жақсы көріп, көбірек тамақтандырар еді? — дейді.

– Әрине, өз баласын, — деп жауап беріпті бақшашы. Міне, жер де сондай. Өзінен туған өсімдіктерге ол ана да, сенің еккендеріңе өгей шеше емес пе? — депті сонда Эзоп.

Рабғұзи мысалындағы төмендегі хикаят сюжеті дәл Эзоптың шығармасындағы мазмұнды қайталамаса да, адамды ойлантар, тәрбиелік жағы басым, сонымен бірге шешендік өнердің үлгісі афоризм тұрғысындағы жазылған, қысқа болса да нұсқа шығарма екендігін көрсетеді.

«Хазірет Лұқпанға қожасы бидай ек деп бұйырады. Бұл кісі арпа екті. Қожасы айтты: «Мен бидай ек десем, арпа егіпсің». Хазірет Лұқпан айтты: «Олай болса, не үшін жамандық жасап жақсылықтан үміт етесіз?». Бұл әңгімеден кейін қожасы жаман істен тыйылды»

Сәйф Сарайдың «Гүлстан би-т-турки» («Гүл бағы») туындысында: «Бір уәзірдің бір біліксіз ұлы бар еді. Оны алып ғалымның қолына береді: «Баламды тәрбиеле, тәрбие алса, ақылы кірер», — деді. Ғалым біраз тәрбиелеп көрді, оған тәрбие қонбады. Сонда ғалым айтты: «Бұл баланы әкесіне апарып салыңдар. Сәлем айтыңдар: «Балаңды қанша тәрбиелесем де, ақылды болатын емес, оның есесіне мен ақымақ болуға айналдым», — деген екен.

Тағы бір әңгімесінде: «Бір кісінің үйіне ұры кірді. Іздеп, алатын ештеңе таппады. Үйден ренжіп шықты. Үй иесінің бір кілемі бар еді, ол кілемнің үстінде жатқан. Ұрының ренжіп бара жатқанын көріп, бос кетпесін деп кілемін оған берді», — деп келетін қысқа әңгіме Эзопта да жоқ емес.

Мәселен, Эзоптың айтып кеткен деген тағы бір мысалында: «Бір жолы көшеде Эзопқа қала әкімі жолығып қалып, қайда бара жатқанын сұрайды.

– Қайда бара жатқанымды білмеймін! — деп қисық жауап береді Эзоп. Қаланың бастығы ол өзін мазақ қылып тұр деп ойлап, шамданып қалады да, сақшыларды шақыртып, Эзопты түрмеге жабуды бұйырады. Олар қолын қайырып әкете бергенде Эзоп: «Мен саған айттым ғой! Көшеде кетіп бара жатып түрмеге түсетінімді мен қайдан білейін?» — деп ышқына айқайлапты. Эзоптың тапқырлығына таңқалған әкім оны табанда босаттырып жіберген екен.

Рабғұзидің «Қисса-сул әнбиясындағы» тағы бір қиссасында Лұқман хәкім турасында мынадай хикая бар:

«Лұқман хәкімге патшасы: «Жақсы ет ас, жоғары мәртебелі қонақтар келеді» деген екен. Лұқман хәкім қой сойып, жүрегі мен тілін асып береді. Біраз уақыт өткен соң, патшасы: «Келетін қонақтар нашарлау, жаман ет ассаң да болады» деген екен. Бұл жолы да Лұқман хәкім, қой сойып, жүрегі мен тілін асып береді. Патшасы мұның мәнісін сұрағанда: «Тәтті болмақ та тіл мен жүректен, ащы болмақ та тіл мен жүректен», — деп жауап берген екен.

Рабғұзидің аталмыш киссасындағы хикаяға ұқсас, айтар ой мен идеясына ұқсас Эзоптың «Әрі тәтті, әрі ащы» әңгімесі бар. Оқиға желісі төмендегідей келеді: «Бірде Ксанф Эзопқа үйге достары қонаққа келетінін айтып, ең бір дәмді тағамды дайындап қоюды тапсырады. Қонақтар келгенде дүниедегі ең мықты тағам дайын тұрады, — дейді Эзоп саспай. Сөйтіп ол базардан тіл сатып әкеліп, қонақтарға қуырып береді. Қонақтар соншалық сүйсініп жей қоймайды.

Дүниедегі ең мықтының түрі осы ма? — деп Ксанф көңілі толмай, ашу шақырады.

— Иә, — депті Эзоп, — дүниеде тілден артық ештеңе жоқ. Тілсіз сен дүниеде ештеңе де істей алмайсың: айтарыңды айта алмайсың, ешкімге бұйыра алмайсың, бере алмайсың, ала алмайсың, мемлекет те құра алмайсың, онда тәртіп орнататын заң да шығара аламайсың, бәрі-бәрі, оның ішінде сенің философияң да бар, тілдің арқасында өмір сүреді, Ксанф!

Эзоптың бұл сөзіне қожасы да, оның қонақтары да ештеңе айта алмапты.

Келесі күні Ксанф тағы да достарын қонаққа шақырып, Эзопты сынау үшін:

— Енді бүгін базардан ең дәмсіз тағам сатып әкел, — деп бұйырыпты. Эзоп тағы да тіл әкеліп, пісіріп беріпті.

— Кеше сен дүниедегі ең дәмді тамақ — тіл демеп пе едің, бүгін енді оны неге ең дәмсізге санап отырсың? — деп мысқылдапты Ксанф.

— Өте дұрыс айтасың, қожайын, — деп жауап беріпті сонда Эзоп бұлк етпестен, дүниеде тілден жаман не бар? Ерегесті де, төбелесті де бастайтын сол, алдау, арбау, қызғаныш, өсекті себетін, айтыс, тартыс, соғысқа апарып, жұртты қыратын да осы тіл емес пе? Міне қазір, Ксанф, сенің өзің де тілдің көмегімен мені сөгіп тұрған жоқпысың?..» — деп жауап береді.

Қазақ әдебиетінде мысал жанрына анықтама беруде ұлы тұлға Ахмет Байтұрсыновтан бастаған жөн. Бұған қарағанда, бұрында қазақ әдебиетінде мысал жанры болмады деу деген пікір қалаптаспаса керек.

Б.д.д. V ғасырда фригиялық ұсқынсыз құл Эзоп құрастырып жазып кеткен деген мысал жанры грек халқының арасында аса белгілі әдеби мұралардың бірі. Қазіргі әлем әдебиетінде мысал жанрының қалыптасуына Эзоптың енгізген еңбегі айтарлықтай. Ежелгі деректерде ауыз әдебиетіндегі мысал жанрының негізін қалаған да осы Эзоп болса, осы автордың қолынан шыққан болар дейтін жорамал бойынша, жазып кеткен мысалдарының өзі 426 тарта. Сол мұралардың ішіндегі қазақ әдебиетіндегі ең белгілері «Қасқыр мен Қозы», «Қарға мен Түлкі», «Бақа мен Өгіз», «Шегіртке мен Құмырысқа», «Қасқыр мен Тырна» т.б. шығармалар. Бұлардың ішіндегі кейбір шығармаларды қазақтың белді акын-жазушылары Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Мәжит Дәулетбаев, Спандияр Көбеев қазақ тіліне тәржімалады.

Кейінірек мысал жанрының қалыптасуына кейбір сөз зергерлері жіті көңіл бөліп, оны басқа да әдеби формалары мен жазылу әдістерін өмірге әкелді. Мәселен, б.д. д. I ғасырда өмір сүрген римдік ақындар Федр және б.д.д. II ғасырда өмір сүрген Бабрий әлем әдебиетіндегі мысал жанрына өзіндік қолтаңбаларын қалдырды. Осы кәусар бұлақтан шығармаларына шұрайлы сюжеттер мен эпизод жолдарын тапқан, өз тұсында мысал жазған, замандастары ішінде әлем әдебиетіне есімдері белгілі, жаңа тұрғыдағы мысалшылар — Франциядан Лафонтен, Германиядан Лессинг, Ресейден И.Хемницер, А.Измайлов, И.Крылов, А.Пушкин және т.б. шықты [4].

Антика дәуірінде өмір сүрген авторлардың ішінде мысал жанрының кейбір үлгілерін Гесиодтың «Еңбек пен күндер» шығармасында, сонымен бірге паростық, VII ғасырдың басында өмір сүрген Архилохтың да еңбегінде кездестіреміз. Архилохтың мысалының ішінде, бізге үзінділерімен ғана жеткен «Қыран мен Түлкі» жөніндегі мысалды Эзоптың құрастырған мысалдарында да ұшырасамыз. Ежелгі гректердің халықтың поэтикалық шығармашылығында (барлық басқа да алғашқы дәуірдің поэзиялық үлгілеріндегідей) синкретизм жақын, яғни сөз өнері әуенмен, бимен және т.б. ойындық, ритмикалық дене қозғалыстарымен біте қайнасып тұрады. Мәселен, жұмысшы, егінші, жүзім жинаушы немесе басқа да еңбек етіп жүрген адамның әр қозғалыс тактысы әуенмен, әндермен сәйкес келуі керек. Мұндай әндердің кейбір үлгілері Аристофанның «Бейбітшілік» комедиясында, Плутархтың б.д.д. VII ғасырда айтылып жүрген лесбостық жұмысшы әндерінің бірнеше жолдары сақталып қалған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Москвичева Г.В.* Русский классицизм. — М., 1986. — С. 172.
- 2 *Шаңбаев Т.* Мысал жанрының стилі мен тілі. — Алматы, 1994. — 16–19-б.
- 3 *Есдаулетов Ұ.* Эзоп туралы әңгімелер // Қазақ әдебиеті. — 2004. — № 22 (2860). — 4 маус.
- 4 Ежелгі дәуір әдебиеті // Құраст. А.Қыраубаева. — Алматы, 1991. — 185-б.

М.М.Имангазинов

Дидактика и острый язык аллегорических произведений

В статье рассмотрены проблемы дидактики и языка в аллегорических произведениях. Автором статьи высказано мнение о происхождении жанра басни в литературоведении. Проанализированы теоретические основы развития данного жанра.

M.M.Imangazinov

Didactics and sharp tongue in allegorical works

In article didactics and language problems in allegorical works are considered. The author of article argues on an origin of a genre of the fable in literary criticism. Analyzes theoretical bases of development of this genre.

References

- 1 Moskviceva G.V. *Russky klassizm*, Moscow, 1986, p. 172.
- 2 Shanbayev T. *Yazyk and style of a genre fable*, Almaty, 1994, p. 16–19.
- 3 Esdauletov U. *Kazakh literature*, 2004, June, 4, 22 (2860).
- 4 Literature ancient times // Comp. A.Kyraubayeva, Almaty, 1991, p. 185.